

**Тулукенова Динара Толеубеконнанын
6D011900 – «Шетел тiлi – екi шетел тiлi» мамандыгы бойынша PhD
философия докторы дiрежесiн алуға «Ақпараттық коммуникациялық
технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тiлi
мұғалiмдерiнiң кәсiби-когнитивтi-коммуникативтiк компетенциясын
қалыптастырудың тұжырымдамалық негiздерi» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына**

БЕЙРЕСМИ ПiКiРi

Тулукенова Динара Толеубеконнанын ғылыми-зерттеу жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жүзеге асыру шартында шеттiлдiк бiлiм беруге тән ерекшелiктерi мен болашақ бастауыш мектеп шетел тiлi мұғалiмдерiнiң кәсiби-когнитивтi-коммуникативтiк компетенциясын қалыптастырудың теориялық, әдiстемелiк, тұжырымдамалық және технологиялық негiздерiн анықтауға бағытталып, тақырыптың өзектiлiгiн анықтайтын аяқталған жұмыс болып табылады.

Д.Тулукенованың диссертациясы бүгiнгi күннiң өзектi тақырыптарының бiрi себебi, диссертациялық жұмыс шеттiлдiк бiлiм берудiң елеулi әлеуетiн ғылыми-практикалық деңгейде анықтауға және оның болашақ бастауыш мектеп шетел тiлi мұғалiмдерiнiң кәсiби-когнитивтi-коммуникативтiк компетенциясынның ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптасатын нәтижесi ретiнде бiртұтас жүйелi ғылыми-әдiстемелiк ұйымдастырылуы мен оның әдiстемелiк ресурстық қамтамасыз ету мәселесiн қарастыруға арналған. Жұмыста зерттелетiн тақырып өзектiлiгiнiң негiздемесi келтiрiлiн, болашақ бастауыш мектеп шетел тiлi мұғалiмдерiнiң кәсiби-когнитивтi-коммуникативтiк компетенциясын қалыптастырудың технологиялық негiздерi қарастырылған. Оның iшiнде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың шарттары талданған, оларға тән ерекшелiктерi мен әр кезеңде түсiну ерекшелiгi анықталып, отандық педагогикалық бiлiм берудегi даму кезеңдерi көрсетiлген және педагогикалық бiлiм мәселесi ретiнде зерттеудiң теориялық және әдiстемелiк негiздерi айқындалған.

Жұмыстың бөлiмдерi болашақ бастауыш мектеп шетел тiлi мұғалiмдерiнiң кәсiби-педагогикалық құзырлығын қалыптастыруға дейiнгi теориялық және тұжырымдамалық негiздерiн анықтап, әзiрлеуде мәселенiң түсiнудiң жоғары деңгейiн және оны шешу нәтижелiлiгiн растайды.

Әрбiр тарау және жалпы жұмыс бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар дәйектi, әрi негiздi. Зерттеу жұмысының тараулары бiрiн-бiрi толықтырып, бiр-бiрiмен сабақтасып жатады және сатылы байланыстағы жүйелiлiкпен ұсынылған.

Диссертант аталған тақырып бойынша жан-жақты теориялық iзденiстер жасай отырып, практика барысында жинақтау, талдау, салыстыру, өңдеу секiлдi әдiс-тәсiлдер қолдану арқылы дәлелдеп көрсеткен.

Докторант жұмысында отандық ғалымдармен қатар, ресейлік және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып, өз зерттеу жұмысын дәйектей алған. Зерттеу жұмысының бөлімдері арасындағы логикалық байланыс сақталған.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарды, халықаралық ғылыми-теориялық пен тәжірибелік конференцияларда және Скопус (Scopus) мәліметтер базасында тіркелген журналда жалпы саны 12 болатын ғылыми мақалалар жариялаған.

Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен жасалған қорытындыларды саралай келе, Тулекенова Динара Төлеубековнаның 6D011900 – «Шетел тілі – екі шетел тілі» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Бейресми пікір беруші:
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университеті (КеАҚ)
Шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі
п.ғ.к., қауым.профессор
e-mail: sagimbayeva_dye@enu.kz
phone: +7 777 584 72 38



Сағымбаева Ж.Е.

